

С. Торайғыров атындағы Павлодар  
мемлекеттік университетінің газеті



www.psu.kz

# БІЛІК

№ 14 (148)

27 қараша, ұлу жылы 2012

## ○ ҒАЛЫМ ОЙЫ



**С.М. ӨМІРБАЕВ,**  
С.Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік  
университетінің ректоры, э.ғ.д.,  
профессор

## Елбасы және Ел

Биыл 1-желтоқсан – Отанымыз үшін маңызды мерекеге айналмақ. Ел болып Тұңғыш Президент күнін атап өтеміз. Осындай шешімді мемлекет Парламенті былтыр мақұлдап, 1991 жылы 1-желтоқсанда өткен Елбасы сайлауын – ұлт тағдырындағы тарихи оқиға деп бағалаған болатын.

Осыдан 21 жыл бұрын жалпыхалықтық сайлау нәтижесі бойынша басым дауыспен Н.Назарбаев жеңіске жетті. Сол уақыттан бері Қазақстанның іргесі бекіп, ғасырға татырлық жұмыс атқарылды. Елбасының бастамасымен адамзат нәр алатын жаңандық шаралар бастауын ала бастады. Осылайша қазақтың ұлттық рәміздері мен елдік нышандары әлем жұртына паш етілді.

Пост кеңестік аумақтағы социалистік қоғамды нарық қатынастарына сай құқықтық, демократиялық мемлекетке айналдыру, қалыптасып қалған қасаң қағидаларды бұзу қадамдары, экономиканы дамыту – Елбасымызға оңайға түскен жоқ. Оңтайлы шешімдер мен сенімді стратегияның арқасында Қазақстан дамуының басты бағдары анықталды. Ұлт көшбасшысы жүргізген салиқалы саясаттың дер кезіндегі нақты шешімдері жемісін берді. Көреген басшының саяси ой-түйіндері, болашаққа құрған жоспарлары тұралап жатқан елді аяғынан тік тұрғызды. Мәселен, 1991 жылы 29-тамызда Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлық шығарып, «Қазақстан аждаһа қарудан өздігінен бас тартады» деп жариялады. Әрине, ол шақта жаппай қырып-жою қару әлеуеті бар жас мемлекеттен әлем елдері «не күтуге болады» деп үрке қарап отырған еді. Алты құрлықтағы алпауыт елдер іргесін таспен қоршап, мұздай қаруланып отырғанда Елбасымыз шекарамызды доспен қоршауды мақсат тұтты. Бүгінде Қазақстан – орталық Азиядағы бейбітшілік берекеті орнаған бірден бір Республика атануы, жоғарыдағы дұрыс шешімнен бастау алғаны хақ.

Ал, 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы жасалғанына бәріміз куәміз. Мұндай ұзақ мерзімді даму жоспары ешбір ел тәжірибесінде жоқ. Сондықтан да, бұған алғашында тосырқай қарағандар болды. Бағдарламада «Біз алдағы отыз жылдың ішінде орта дамыған мемлекеттердің қатарына кіреміз» деген мақсат қойылды. Қазір біз отыз жылда емес, бар жоғы он бес жылдың ішінде әлем таныған, дамыған, өркениетті елдер қатарына кірдік. Қазақстан экономикасының қарыштап өсіп, қарқындап дамуын Түркияның бұрынғы мәдениет министрі, саясаткер Намық Кемел Зейбек «Қазақстан ең алғаш тәуелсіздік алғанда біз ҚР үшін Түркия үлгі боларлық мемлекет едік, ал 17 жыл өткен соң біз Түркия үшін Қазақстан үлгі боларлық мемлекетке айналғанын мойындауға мәжбүрміз», – деп дәлелдеп айтты.

Елағасы мемлекеттің бостандығы баянды болуына, елдер арасында достық пейілдегі жақсы қарым-қатынас орнауына ерекше тер төкті. Саяси, экономикалық, мәдени интеграция құруға арналған көптеген бастама-жобалардың авторы болды. Еуропаның қауіпсіздігі және ынтымақтастығы ұйымына, Ислам ынтымақтастығы ұйымына Қазақстанның төрағалық етуінің бәрі Нұрсұлтан Назарбаев беделінің арқасы. Әлем Қазақстанды мойындады.

Тұңғыш Президент – уақытын саралап, заманын болжай білген көреген де ірі саясаткер. Маргарет Тетчердің сөзімен айтсақ: «Назарбаев – қалыпқа сыймайтын тұлға».

Сондықтан да, осы мерекемен Қазақ елінің азаматтарын шын жүректен құттықтаймын! Елбасының бастауымен бейбітшілік пен молшылық, татулық пен жасампаздық ырысына кенеле берейік.



## 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні

### МЕРОПРИЯТИЯ КО ДНЮ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА

В преддверии праздника день первого президента Казахстана в Павлодарском государственном университете им. С.Торайгырова подготовлен широкий ряд мероприятий.

19 ноября – комплекс праздничных мероприятий открыл конкурс студенческих работ по следующему тематиком: «Назарбаев – основатель государственной Независимости РК», «Назарбаев и современная история Казахстана», «Лидер нации», «Назарбаев и безъядерный мир», «Мой идеал – Президент РК Н.Назарбаев» и другие.

С 26 ноября в университете, состоится показ документальных и художественных фильмов о Главе государства.

26 ноября в вузе состоится круглый стол с обсуждением темы «Президент – гарант процветания Независимости РК»

26 ноября в библиотеке ПГУ им. С. Торайгырова пройдут выставки книг «1 декабря – День Первого Президента», автором которых является Н. Назарбаев, и различных изданий, посвященных Лидеру нации.

с 26 по 29 ноября учеными вуза для студенчества и общественности региона разработаны курсы лекций «Роль Первого Президента в становлении казахстанской государственности», «История становления Государства».

28 ноября научно-практическая конференция «Феномен первого Президента» с участи-

ем выдающихся общественных деятелей региона и республики.

29 ноября с участием представителей политических партий, НПО, ветеранов будет проведен круглый стол «Колесо истории».

1 декабря – под началом активистов ПГУ им. С. Торайгырова и Альянса студентов Казахстана состоится праздничный Flash-mob.

Заключительным аккордом празднования Дня Первого Президента станет информационно-познавательная викторина «Қазақстан жасасын! Елбасы жасасын!» об истории становления Казахстана и биографии Президента РК Н.А.Назарбаева, в которой примут участие команды девяти факультетов.

## ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ БІРЛІКKE ШАҚЫРАТЫН МЕРЕКЕ



ЕЛБАСЫ АЛЛАДАН  
КЕЛГЕН СЫЙ

3  
бет

3  
бет



## Тұңғыш Президент күні ынтымақты артыратын мереке

Биыл мерекелік күнтізбеге ерекше мейрам қосылды. Ол – 1 желтоқсанда мерекеленетін Тұңғыш Президент күні.

Осы жылы 1 желтоқсанда алғаш рет Тұңғыш Президент күні мерекесі тойланады. Бұған қазақстандықтар әрине қуанышты. Өйткені, Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Отанымыздың қалыптасуына, дамуына, өркендеуіне қосқан үлесі зор. Ол кісінің белсенділігі мен еңбекқорлығының арқасында Қазақстан Республикасы әлемде зор беделге ие қуатты елге айналды.

Елбасының тек ғана мәдениет пен ғылым саласындағы алмағайып мемлекетшіл істерінен ұлтын қаншалықты сүйетінін білесіз.

Мәселен, атадан қалған асыл мұраны сақтау және жас ұрпаққа насихаттауды көздейтін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында құнды рухани-мәдени және тарихи ескерткіштер мен әлеуметтік құнды қазыналарды қайта тірілтіп, Елбасы осындай тағлымды бағдарлама арқылы бабадан қалған мұраға «қиянат» жасамай, жас ұрпақты рухани сусындатудың жолын ұсынды. Бағдарлама аясында ұмыт бола бастаған қаншама тарихи жәдігерлер мен аталар аманаты қайта қалпына келтірілді.

Ал, білім-ғылым саласындағы Н.Назарбаевтың қамқорлығы ерекше. Ол кісінің «Болашақ» бағдарламасы таланти да білімді жастардың шетелдік үздік жоғары

оқу орындарында білім алуына жол ашты. Астана төрінде заманауи Назарбаев университеті бой көтерді. Осылайша, қабілетті менеджерлер мен ғалымдар шоғыры қалыптасып, ел дамуына үлестерін қосуда. Сонымен қатар, қазақстандық ЖОО әлемдік стандарт негізінде дамуын жете қадағалап, дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауында сөзге тиік етіп тұрады. Мен өзімде Елбасының көреген саясатының негізінде құрылған «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияда тәжірибе алмасып, білімді шыңдадым. Бұл үшін әрине Елбасыға айтар алғыс шексіз.

Сондықтан да, Елбасының күні күнтізбеде енгізіліп мерекеленетіні қоғам мүшелерінің патриоттық




**Роза ҚАДЫСОВА,**  
Павлодар облысы  
мәдениет басқармасының  
бастығы

сезімін тереңдетіп, еліне-жеріне деген құрмет артады деп сенемін.

Демек, бұл мереке бүгінгі қазақ қоғамына қажетті деп санаймын. Мәніне аталмыш мерекені Қазақстан халқы жылы қабылдап, шынайы мерекелейді деп ойлаймын.

## ОСНОВОПОЛОЖНИК ИДЕИ ЕВРАЗИЙСКОГО СОЮЗА

*Дорогие казахстанцы!*



**Тынысов БАУЫРЖАН,**  
директор научного центра «Қазақ  
тілі мен мәдениеті» при Омском  
государственном университете  
им.Ф.М.Достоевского

Глубокоуважаемые жители Павлодарской области! Студенты, преподаватели и сотрудники ПГУ им.С.Торайгырова!

Позвольте от всей души поздравить вас с грядущим общегосударственным празднованием Дня Первого Президента Республики Казахстан!

Для миллионов жителей многонационального Казахстана учреждение этого государственного праздника стало очередным подтверждением огромных заслуг Нурсултана Абишевича Назарбаева перед республикой.

Но фигура Первого Президента Казахстана дорога не только своему народу, не только казахстанцы питают к нему самые теплые чувства, не только они признают колоссальную значимость казахстанского Лидера в современном политическом, экономическом, дипломатическом и социальном процессах. Деятельность Нурсултана Абишевича, его стратегическая дальновзорность, логика, гуманизм и ряд других уникальных качеств политика и лидера далеко выходят за пределы организации социально-экономической жизни Республики Казахстан.

Именно Назарбаеву принадлежит эпохальная идея создания на постсоветском пространстве Евразийского союза, высказанная им в марте 1994 года с трибуны МГУ им.М.В.Ломоносова. И сегодня мы видим практическую реализацию заложенных казахстанским Президентом идей евразийства: создание ЕврАзЭС, Таможенного союза, разработка Единого экономического пространства.

Осмысление Нурсултаном Назарбаевым философских и практических постулатов евразийской идеи привело к новому, масштабному витку братских отношений двух великих стран с великой общей историей – Казахстана и России, ведь этим странам Назарбаев отводит особую роль в деле формирования и укрепления Евразийского союза. В своем выступлении он отмечал, что «...объективно Казахстан и Россия – это локомотивы евразийской интеграции».

Нашими странами уже не первый год проводится большая работа в направлении формирования и развития единого образовательного и культурного пространства.

Ярким примером может служить тесное многолетнее сотрудничество ОмГУ им.Ф.М.Достоевского и ПГУ им.С.Торайгырова. И это не только академическая мобильность студентов наших вузов, прохождение практик на базе ОмГУ и ПГУ, но и научные стажировки, совместные научные исследования и экспедиции. Гордостью наших вузов стал открытый в 2012 году при ОмГУ им.Ф.М.Достоевского по инициативе ПГУ им.С.Торайгырова центр казахского языка и культуры.

Востребованность этого Центра очевидна: за небольшой период работы его слушателями стали более 300 человек, что является лучшим доказательством эффективного культурного обмена.

Мы – и казахстанцы, и россияне – видим, что в своей глубинной сути наша евразийская интеграция основывается на едином гуманитарном пространстве понимания, которое есть – комплекс отношений, обращенный к человеческой личности, к правам и интересам каждого жителя наших стран.

И во многом благодаря Первому Президенту Республики Казахстан, Нурсултану Абишевичу Назарбаеву, наше межкультурное понимание с каждым днем процветает и укрепляется.

## В приоритетах «модели Назарбаева» - образование



**Нелли ФЕЙФЕР,**  
проректор по  
учебной работе ПГУ  
им. С. Торайгырова, доктор  
педагогических наук,  
профессор

Уважаемые казахстанцы! Уважаемые студенты, магистранты, ученые и сотрудники вуза!

В первый день зимы мы впервые будем отмечать День Первого Президента Республики Казахстан. Имя Нурсултана Абишевича Назарбаева золотыми буквами вписано в историю суверенного Казахстана. Богатая история нашей страны неотделима от выдающейся личности нашего Лидера, 1 декабря 2012 года мы открываем новую страницу, отмечаем День Первого Президента.

По всему Казахстану в период празднования Дня Первого Президента пройдут мероприятия, конференции, на которых видные деятели страны и многочисленные иностранные гости обсудят сущность феномена Первого Президента Республики Казахстан, проанализируют предложенную Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым модель развития государства.

В «модели Назарбаева» ведущим приоритетом развития Казахстана стали образование и наука; особенно актуальным это становится сейчас – в период формирования умной нации, форсированного индустриально-инновационного развития страны. В своей программной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда», Нурсултан Абишевич Назарбаев особо подчеркнул: «Одним из ключевых факторов успеха всего модернизационного процесса является успешность обновления национальной системы образования».

В Казахстане осуществляется масштабная работа по развитию высшего образования и науки. За последние несколько лет реализован ряд идей, поставивших нашу систему высшего образования на уровень ведущих стран мира.

Реформы, проводимые в области образования и науки по инициативе Нурсултана Абишевича, поистине грандиозны: бесплатное высшее образование, многочисленные стипендиальные программы, в том числе – уникальная программа «Болашақ», возможность освоения учебных дисциплин по академической мобильности в лучших вузах мира. Созданы все условия для личностного, профессионального, интеллектуального и творческого роста молодежи.

По поручению Главы государства наш вуз является инновационно-ориентированным, основная цель его деятельности – реализация базовых параметров форсированного индустриально-инновационного развития страны. Сегодня мы активно развиваем все современные

тренды, характеризующие новейшую, инновационную систему образования Казахстана: полиязычие, дуальное образование, реализация академической мобильности студентов и ППС.

И, как говорит наш Президент, это только начало.

ПГУ им.С.Торайгырова всегда ощущает личную поддержку нашего Президента. В условиях такой мощной поддержки со стороны Главы государства, мы с уверенностью можем сказать, что главная задача образовательных учреждений страны – профессиональное становление и духовно-нравственное воспитание нового поколения специалиста – будет выполнена.

От всего сердца поздравляю всех казахстанцев с Днем Первого Президента!

Пусть наш с вами труд, наши дела будут достойны дел бессменного Главы нашего государства, выдающегося политического деятеля современности, Нурсултана Абишевича Назарбаева!



**Михаил ПАРИПСА,**  
председатель республиканской ассоциации  
«Украинцы Казахстана»,  
член Ассамблеи народа  
Казахстана

стан я хочу поздравить с этим праздником всех казахстанцев. Хочу пожелать нашему Президенту крепкого здоровья, благополучия и удачи в государственных делах, а гражданам республики – мира, благополучия, чистого неба и яркого солнца над нашим общим Казахстаном!

## Символ межкультурного согласия

Я счастлив, что лично знаю Главу нашего государства, Нурсултана Абишевича Назарбаева. О каждой из этих встреч у меня самые теплые воспоминания, поскольку встречи эти всегда проходили в простой и доброжелательной обстановке. Нурсултан Абишевич в общении очень прост и внимателен, умеет выслушать, способен ответить на любой вопрос.

Один из эпизодов показал мне, с каким огромным уважением Нурсултан Абишевич относится к каждому народу, проживающему в нашем многонациональном государстве. На VIII Сессии Ассамблеи народа Казахстана я построил свое выступление на трех языках – казахском, украинском и русском. На русском языке была основная часть доклада. После выступления ко

мне обратился Нурсултан Абишевич: «Михаил Сергеевич, почему ваш доклад был не полностью на украинском языке?» Я ответил: «Нурсултан Абишевич, я хотел, чтобы моя речь была понятна всем присутствующим». И тогда Президент обратился к участникам Сессии: «Предлагаю в будущем реализовать следующую идею: каждый член Ассамблеи выступает на своем родном языке. Никаких препятствий не вижу, ведь у нас есть все возможности, чтобы обеспечить качественный перевод. Так мы достигнем более глубокого взаимобогащения культур». Присутствовавшие в зале члены Ассамблеи народа Казахстана овациями встретили это предложение Главы государства...

...На одной из встреч меня поразила мудрость

нашего Президента в отношении языковой политики. Он отметил, что ни в коем случае нельзя форсировать процесс овладения населением государственным языком, в этом вопросе необходима постепенность, нужно воспитывать поколение полиязычных казахстанцев.

...Наиболее памятная встреча, конечно – это празднование 15-летия Независимости, когда лично из рук Нурсултана Абишевича получил Орден «Достық» 2 степени. В тот момент меня переполняли чувства. Я в который раз подумал, насколько важно, что все мы – многонациональный народ Казахстана – вместе, помогаем друг другу, прислушиваемся друг к другу, и насколько важна в этом роль Нурсултана Абишевича...

В канун Дня Первого Президента Республики Казах-

# Тұңғыш Президент күні достыққа, бірлікке шақыратын халықтық мереке



**Отанымызда биыл «Тұңғыш Президент күні» мерекеленетіні белгілі. Бұл қуанышты жаңалыққа халық шын риза. Қазақстан халқы ықыласпен қабылдаған мерекенің шығу тарихы мен қажеттілігін білу мақсатында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» ХДП фракциясының мүшесі М.М.Бегентаевпен сұхбаттасқан егік.**

– Мейрам Мұхаметрақымұлы, мерекенің шығу тарихына тоқталсаңыз...

– 2011 жылы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Парламент 1 желтоқсан күнін Тұңғыш Президент күні ретінде заң қабылдаған болатын. Себебі, 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет Республика Президентін жалпы халықтық сайлауы өтіп, басым дауыспен (98,7) Н.Назарбаев жеңіске жеткен болатын. Осы кезден бастап Қазақстан даму мен өркендеудің даңғыл жолына түсіп, ғасырға татырлық жұмысты 20 жылда еңсергенін бәріміз де куә болудамыз.

– Демек, аталмыш халықтық мереке Елбасы Н.Назарбаевтың Президенттік жұмысын бастаған күннен бастау алғаны ма?

– Иә. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму арнасына түсуі Президенттің қызметімен тікелей байланысты. Яғни, Елбасының байыпталған нәміз терең зерттелген ғылыми, саяси ізденістерімен байланысты десек те болады. Бұл – шындық. Бұл – ақиқат. Мұны ешкім де жоққа шығара алмайды. АҚШ-тың бұрынғы президенті Дж. Буш: «Ол болашақты болжай алады», – деп атағандай бүгінгі сәулелі күнімізді

сол кезде бағамдап, бағдарлап, өтпелі кезеңнен аман-есен алып шықты. 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы жасалды. Онда еліміздің тұтастығы, қауіпсіздігі, халықтың әл-ауқаты, бәрі-бәрі қамтылған. Бағдарламада «Біз алдағы отыз жылдың ішінде орта дамыған мемлекеттердің қатарына кіреміз» деген мақсат қойылған болатын. Қазір біз отыз жылдың ішінде емес, бар-жоғы он бес жылдың ішінде әлемдегі дамыған, өркениетті мемлекеттердің қатарына ендік. Бұл табыс па? Табыс! Президенттің еңбегі ме? Еңбегі! Мұны қарапайым еңбек адамынан бастап, лауазым иелеріне дейін бір ауыздан мойындайды.

Бүгінде, жанан жұрты Н.Назарбаевты «Ғасыр тұлғасы» ретінде мойындайды. Ол кісінің іскерлігі мен белсенділігімен, ақылдылығы мен табандылығы, зеректігі мен кемеңгерлігінің арқасында Қазақстан биік-биік асуларды бағындырды. Бүгінде Қазақстанды бүкіл әлем қуатты мемлекет ретінде қабылдайды.

Өзіміздің еңбек жолымда Елбасының ерекше қамқорлығын сезініп келемін. Мәселен, білім-ғылым саласындағы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың атқарған істері алмағайып. Біріншіден, жастардың әлемдік бәсекеге қабілетті болу мақсатында білімді де дарынды жастарды «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелдің үздік жоғары мектептерінде оқытты. Бүгінде сол білікті «Болашақ түлектері» әр салада ел дамуына үлес қосуда. Астана төрінде заманауи Назарбаев университеті білімді жастардың бағын ашты. Елбасы атағандай енді шетелден білім іздемей-ақ, Назарбаев университетінен білім алса болғаны. Одан бөлек бүлдіршіндердің балабақшамен толық қамтылуы

және орта мектептер мен жоғары оқу орындарының әлемдік стандартпен өркендеуін жете қадағалап отырғанын білесіздер.

Сонымен қатар, «Жастар – ел болашағы және оның стратегиялық қазынасы», – деп айтатын Елбасының жастар саясатына қаншалықты басымдық беріп жүргенін білесіздер. Жақында ғана Астанада «Жас Отан» жастар қанатының II съезінде «Болашақ», «Жасыл Ел», «Жастар – Отанға!», «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Жас мамандар қоры» сияқты көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып, болашақта да жалғасын таба беретіні жайлы атап айтқанын бәрімізде естідік.

Ал Елбасының экономика саласындағы мемлекетшіл істері көлемді монографияларға арқау болар жүк. Дегенменде, Қазақстан қуатты индустриялық-инновациялық елге айналу барысында көп жұмыс жасап жатқанын ата-сам да жеткілікті секілді.

– Яғни, Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіз еліміздің көрнекті сәулетшісі...

– Әрине. Елбасының сыртқы саясаттағы салиқалы қадамдары ғибратқа толы. Еліміздің шекарасы ұрыс-керіссіз бекіді. Одан бөлек Қазақстандық даму жолы, көпқырлы сыртқы саясат, ядролық қарудан бас тарту, ұлтаралық келісім мен діни толеранттылық, ШЫҒ, ЕурАзЭҚ, СВМДА сияқты ұйымдардың бойына қан жүгірту, ЕҚЫҰ, ОИС, ҰҚШҰ сынды іргелі ұйымдарға төрағалық ету, дәстүрлі әлем діндері лидерлерінің төрт съезінің Қазақстан жүрегі – Астанада өтуі Қазақстанның қысқа мерзімде алған бәлесі мен толайым табысы. Н.Назарбаев экономиканың даму үрдістерін тани білетін және ондағы Қазақстанның орнын айғақтаған саясаткер ғана емес, нағыз

ғалым, кемеңгер тұлға екендігін мойындатты. Осылайша нарықтық қатынастарға бейімделген «Назарбаев моделін» жүзеге асырды. Осылай қысқа мерзім ішінде Қазақстан дүниежүзіндегі қарқынды дамып келе жатқан үш елдің қатарына енді.

Сондай-ақ, жанаңда ХХІ ғасырда жаңа астанасын салған мемлекет жоқ. Осының өзі «Назарбаев феноменінің» асқақтығын мойындатса керек.

– Тұңғыш Президент күнінің басқа мерекелермен артықшылығы неде деп ойлайсыз?

– Еліміздегі барлық мерекелердің өзіндік орны бар. Мәселен, «Тәуелсіздік күні» еліміздің бодандық қамытынан шығып, егемендік жариялаған күнді еске түсірсе, «Конституция күні» еліміздің Ата заңын құрметтеуге үндейді. Ал, Тұңғыш Президент күні халықты бірлікке, ынтымаққа, достыққа, еңбекке, жаңашылдыққа шақыратын халықтық мереке болғандығымен ерекшеленеді.

– Мерекеге байланысты Қазақстан халқына айтар тілегіңіз...

– Тұңғыш Президент күні барша қазақстандықтарға құтты болсын! Кемеңгер Елбасы бастаған сара жолда ерқашан шаттыққа, молшылыққа кенеліп, бірлік пен достықты желеу етейік. Әрбіріңіздің отбасыларыңызға Алла Тағала амандық, тыныштық нәсіп етсін!

– Келелі де, мағыналы сұхбат бергеніңізге рахмет! Елшіл істеріңіз әрдайым халықтың көкейінен орын ала берсін!

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

## Ж.Камзин



– Жұмабек Жөкенұлы, Тұңғыш Президент күніне байланысты ойыңызды білу оқырман үшін қызықты деп ойлаймын.

– Тұңғыш Президент күні тарихи күн. Себебі, Отанымыздың дамуы сол кісінің іскерлігі мен белсенділігімен тікелей байланысты. Біздің өндіріс орынымыздың қалыптасуы, дамуына Елбасының сіңірген еңбегі орасан зор.

2007 жылы «Қазақстан электролиз зауытының» бір желісін іске қосу сәтінде Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстанда алюминий өндіру менің ғана арманым емес, сіздердің де асқақ армандарыңыздың орындалып отырғанына бәріміз куә болып отырмыз», – деп өзінің асқақ арманын айтып, елдің көркею жолында өндірістің орны зор екенін айтқан болатын.

Ол кісі жоғарыда атағанымдай өндірістің қалыптасуы мен дамуын жете қадағалап отырады. Зауыт іргесі қаланғаннан бері Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев төрт рет келген екен. Келген сайын, біздің еңбегімізді жоғары бағалап, жігерлендіріп, ісімізге стимул беріп отырады.

## ЕЛБАСЫ АЛЛАДАН ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ НҰР,

**Павлодар облысы еліміздің дамуына қуат беріп отырған өндіріс орындарының көптігімен ерекшеленеді. Сондай өндіріс ошағының бірі «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-тың Вице-президенті Ж.Ж. Камзинмен Тұңғыш Президент күніне орай әңгімелескен егік.**

2005 жылы зауыт іргесі енді қалыптасып жатқанда, Елбасы келіп батасын беріп кетті. Алғашқы келгенінде құйылып жатқан зауыт ірге тасына қарап тұрып: «Электролиз зауытын салып жатқан азаматтарға қызығамын. Себебі, осындай керемет іске қол тигізу болашақ ұрпаққа қалатын – ескерткіш болып қалады... Инша Алла уақыт өтіп, балаларыңызбен бірге келіп, іргелі зауытты мақтан ете, «осы зауытты біз өз қолымызбен салғанбыз», деп ұрпақтарыңызға ұялмай айтатын боласыздар», деп айтқаны есімде қалыпты.

Бүгінде әлемде 200 ірі зауыттар бар болатын болса, соның ішінде біздің зауыт 10 үздік кәсіпорындар қатарына еніп отыр. Сонымен қатар, 2010 жылы «Ең үздік тауар» марапатына ие болды. Ал 2009 жылы Ұлыбританияның Лондондық металл биржасына тіркеліп, 2010 жылы зауыт өндірген алюминийдің сапасының өте жоғары болғандығынан Ұлыбританияның Оксфорд қаласында «Еуропалық сапа» атағына қол жеткізілді. 2011 жылы Қазақстандағы 150 ірі өндірістер арасынан «Қауіпсіз өндіріс» сапасына ие болдық. Мәселен, бізде мынандай түсінік қалыптасқан: «Еуропалық технологиялық жабдықтар сапасы өте жоғары, әлемдік деңгейлі сапа». Ақиқатында Еуропадан келген жабдықтарымызға өзіміздің инженерлеріміз өзгерістер енгізуде. Сол себепті де, Қазақстандық өндіріс орындарының ішінде біздің инженерлеріміз 2011 жылы «Үздік рационализатор» деген атақты еншіледі.

## БАҚ БОЛЫП БЕРІЛГЕН

Міне, өндіріс орнының бұл жетістіктерінің бәрі Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың қамқорлығының арқасы деп білемін.

Демек, Тұңғыш Президент күні қоғам үшін өте қажет. Өйткені, Отынымыздың көркеюі Елбасының атымен тікелей байланысты.

– Тұңғыш Президент күніне байланысты қандай шаралар қолға алмақсыздар?

– Тұңғыш Президент күніне байланысты бір күндік жалақымызды Қашыр балалар үйі мен аймағымызға «Алғашқы ұстаз» ескерткішінің тұрғызылуына қаражат бөлеміз деп жоспарлаудамыз. Негізінде қоғамға әлеуметтік жобалармен қамқорлықтарымызды әрі қарай да жалғастыра бермекпіз.

– Істеріңізге сәттілік тілейміз, ниеттеріңізді Жаратқан қабыл етсін!

– Амин!

– Тұңғыш Президент күнін атап өту халық үшін, қоғам үшін қажеттілігі қаншалықты еді?

– Өте қажет. 2004 жылы Түркия Республикасына жұмыс сапармен барғанымда түрік бауырларым Елбасын аса құрметтеп Н.Назарбаевтың Меккедегі қызықты оқиғасын айтқан еді. Сол естіген оқиғаны мен 2005 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы зауыт жұмысшыларымен кездесу барысында айтқан едім. Сонда: Ол кісі 1994 жылы алғаш Меккеге барғанымда Сауд Арабия королы қағбаға кіргізген екен. Елбасы оң аяғымен қағбаға кіре берген сәтте, Мекке маңына бұлт үйіріліп, күні бойы жаңбыр жауған көрінеді. Сонда осы сәтке куә болған жандар: «Мына кісі екі дүниенің адамы екен. Алладан қазақ жеріне нұр, бақ болып берілген», – депті. Киелі жерде айтылған сөздер хақ. Осы бақты қастерлеп, бағалауымыз қажет. Елбасымыз әлемге қазақ деген ел-

дің, халықтың барын танытты. Экономикалық-әлеуметтік жағынан да дамып, ілгерілеп келе жатырмыз. Дүние жүзілік экономикалық форум мәліметтеріне жүгінсек Қазақстан 51 орынға шықты. Әлі де Инша Алла! 30-40 орындарға жетерміз. Сондықтан да, Президентіміздің амандығын тілеп жүрейік. Жылына емес, ай сайын осы мерекені тойласақ та аздық етпейді.

– Тұңғыш Президент күніне орай оқырмандарға айтар тілегіңіз...

– Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев ел дамуы үшін сүбелі үлес қосқан тарихи тұлға екені даусыз. Кез келген қазақстандық азамат болашақта «мен елімізді тұңғыш басқарған Президенттің замандасы болдым» – деп мақтана алады деп есептеймін. Әсіресе, егеменді елдің алғашқы 20 жылдығында дүниеге келген азаматтар бақытты. Олар бабаларымыздың мыңдаған жылдар, ғасырлар бойы аңсап кеткен тәуелсіз елдің ұрпақтары.

Мен өз басым ол кісінің қолын төрт рет алдым. Омырауыма өз қолымен «Құрмет» төс белгісін тақты. Осы үшін де өзімді бақытты санаймын. Ол кісінің лебін, асқақ рухын сезіндім. Табиғатында біреулер әулие, біреулер көріпкел, біреулер дарын иесі болады. Ал, Елбасымыз біз үшін Алладан келген сый. Сондықтан да, Елбасын құрметтеуіміз – өзімізді құрметтеуіміз, Елбасы бағалауымыз – өзімізді бағалауымыз деп түсінейік ағайын. Әрбіріңіздің отбасыларыңызға риясыз молшылық, адамгершілік бақыт, рухани кемелдену мен қызықты күндер тілеймін! Елбасы аразамызда аман-есен жүріп, елімізді биік-биік белестерге жетелей берсін деп тілеймін бір Алладан!

– Мағыналы әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен  
Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ

# Жаңалықтар желісі



## БУЛАТ ОКУДЖАВА О ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ

В Музее Воинской Славы совместно с научной библиотекой им. академика С. Бейсембаева ПГУ им. С.Торайгырова прошел творческий вечер, посвященный военной тематике барда, поэта и музыканта Булата Окуджавы. В мероприятии приняли участие студенты, преподаватели кафедры «История» ПГУ им. С. Торайгырова, студенты Павлодарского машиностроительного колледжа, учащиеся областной многопрофильной школы-лицея для одаренных детей.



Вечер начался с песни Булата Окуджавы «Мы за тобой не стоим» в исполнении под гитару студентов Павлодарского машиностроительного колледжа Шаймуратова Мади и Докуова Руслана. Библиотекарь читального зала библиотеки народа Казахстана Елена Анатольевна Лиханова и библиотекарь сектора художественной литературы Марал Аблайхановна Таженова рассказали о жизненном и творческом пути поэта. Особенно они акцентировали внимание на творчестве поэта о Великой Отечественной войне. Также ими была представлена вниманию гостей выставка сборников стихов и песен Булата Окуджавы.

В исполнении студентов-историков ПГУ им. С. Торайгырова звучали стихи «Не вели старшина, чтоб была тишина», «Июнь, клонился к вечеру закат», «Не верь войне, мальчишка» и др.

Гости услышали песню барда «Грузинская песня» в исполнении ученицы 10 «В» класса областной многопрофильной школы-лицея для одаренных детей (при ПГУ) Саткуллиной Айгерим. Собравшиеся смогли посмотреть и видеоклипы «Песенка о пехоте», «Песенка о солдатских сапогах».

Мыслями и впечатлениями о творчестве поэта поделился доцент кафедры «История» Ернур Кендибаевич Рахимов, старший преподаватель Алексей Витальевич Маликов. Выступил заместитель директора Областного историко-краеведческого музея им. Г.Н. Потанина Манат Бейсенович Кельдыбеков. О воспитательном характере мероприятия высказалась главный хранитель фондов Алия Зарлыковна Жомартова, подчеркнув, что стихи и песни о войне Булата Окуджавы передают атмосферу, царившую на фронтах Великой Отечественной войны, и настроения солдат Советской Армии.

Заведующий музеем Аслан Дыбысбекович Азербайев и специалист музея Диана Амангельдиевна Утегилеова разработали методику воспитательной работы с подрастающим поколением, используя творчество поэтов, писателей и музыкантов. Тем самым, изучение поэзии, прозы и музыки сохранит в сознании молодежи память об отваге и героизме наших солдат, величии нашей Победы.

Аслан АЗЕРБАЕВ,  
зав. музеем Воинской Славы

## «МӘШҰРТАНУ» ІЛІМІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕМ...

«Мәшұртану» ілімінің өркен жайуына С.Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің сіңіріп жатқан үлесі зор. Сондай шаралардың бірі қазақ филология кафедрасында ғылым департаменті ғылыми-әдістемелік бөлімінің атсалысуымен «Мәшұр Жүсіп шығармаларындағы жоғары мақсат мәселелері», – атты ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Шарада филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.О.Кәріпжанова оқытушы-ғалымдар мен студенттерге арналған «Мәшұр Жүсіп шығармаларындағы жоғары мақсат мәселелері» атты ғылыми-әдістемелік семинар өткізді. Семинарда Мәшұр Жүсіп шығармаларындағы адам тәрбиесі, адам өмірі, адамның дүниемен және қоршаған ортамен қарым-қатынасы, сонымен қоса, имандылық мәселесі кең көлемде қарастырылып, тыңдаушылар назарына ұсынылды.

Мәшұр Жүсіптің ұрпаққа қалдырған мұраларын, жетілудің төменгі сатысынан, келесі материалдық жетілу сатысына көтерілу үшін сан-алуан өмірден, белгілі бір жүйедегі тәртіпке бағынатын өмірге көшу керек екендігін ғалым атап кетті. Адам өмірін бір бағытқа бұру үшін ескіден келе жатқан адам бойындағы жаман әдет, мінез-құлық, іс-әрекет, ой-өрістен құтылып, тура жолға келгісі келетіндігі анық. Адам өмірдің бір қалыпқа түсіретін жағын, тәртіптерін қабылдап сол тәртіп арқылы өмір сүруге тырысады. Бұл оның санасын адамдық деңгейге көтереді, ал өзі адам сатысына өтуге мүмкіндік береді. Өмірді реттегіш тәртіптердің негізі имандылықта екенін айтты.

Ғалым семинарында имансыздың сегіз түрлі қасиетін атап көрсетеді:

«Имансыз сол ұжмақты көрмес!» – дейді,  
«Бір Құдай имансызды сүймес!» – дейді.  
Бір Алла қаламына аян қылды:  
«Адамдар сегіз түрлі кірмес!» – дейді.  
Әуелі бір Құдайға серік қосқан,  
Екінші – ұрлық қылып жолды тосқан.  
Үшінші – кісі өлтірген нақақ жерде,  
Төртінші – зинашы дүр, дінге дұшпан.  
Бесінші – ел ішінде өсек айтқан,  
Алтыншы – күншілдік қып діннен қайтқан.  
Жетінші – залымдар дүр, рақымы жоқ,  
Ғайбат айтып, әрқашан күнәсі артқан!  
Сегізінші – әрдайым арақ ішкен,  
Әрқашан жаманшылық күні кешкен.  
Осылар дүр жұмаққа кіре алмайтын,  
Тәуба қылмай, дүниеден, босқа көшкен» – деп имандылықтың адам өміріндегі орны жоғары екенін атап көрсетеді.

Сонымен қатар, семинар барысында дәріскер А.О.Кәріпжанова ақынның ғылымға, ғалымға қатысты ойларын да назарға салды. Мәселен, ғылым да әдепті, жақсы мінезді адамға орнығады. Жынды көбелек секілді көрінген отқа барып, жалп ете түсетін қулардан не алсын? Ондай адам оқыған оқуының қайда кетіп қалғанымен жұмысы да жоқ. Оқымаған адамнан күні жаман болып, тойынған жерінен кете алмайтын болған соң жүре береді» дейді. Ол ғылымның ең үлкен пайдасы – адам мінезін жөндейтін үлкен күш екенін және адам бойындағы төмендегі қасиеттерді жойған кезде ғана білім-ғылым орнығатынын зерделейді:

- мінез бұзылғанда, ашуланшақ болумен бұзылады;
- мінезді екінші бұзатұғын – күншілдік;
- үшіншісі – қырыс дүние. Дүниеге махабаты кеткен адамның көзі соқыр, құлағы керек болады;
- мінезді бұзғыштың бірі – тәкаппарлық;
- мінез бұзатынның бірі – нәпсіқойлық;
- мінезді бұзғыштың бірі - өтегендік, өрлік. Мұндай адамның мінезі адыр-бұдыр келеді;
- мінез бұзғыштың бірі – кінә сақтап, кекшіл болу.

Бүгінгі ғылыми семинардың қорытындысы ретінде айта кететін жайт – Мәшұр Жүсіп мұрасында жоғарыда айтылып кеткендей авторлық афоризмдік сөздер, қанатты сөз тіркестері, мақал-мәтел іспетті түйдектер өте мол екеніне көзіміз жетті. Ғалым зерттеуі мұнымен ары қарай қанат жаяды деген сенімдеміз. Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Н.Қ. Жүсіпов сөз соңында А.О. Кәріпжанованың семинарын ары қарай дамытып, оқу құрал ретінде студенттерге, мектеп оқушыларына әдістемелік сілтеу ретінде баспадан басып шығаруға болатындығын айта кетті.

Әсемгүл АЗАМАТ

## ЕЛ АРАСЫН ЖАҚЫНДАТҚАН - БІЛІМ

2012 жылы 7 қараша күні С.Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне АҚШ елшілігінің ағылшын тілі жобалары бойынша Орталық Азия аймағының басшысы Дженнифер Ухлер жұмыс сапарымен келді.

Аймақтық ұйым Орталық Азияның Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Тәжікстан елдерімен жұмыс жасайды. Аталмыш жоба үйлестірушілері АҚШ Мемлекеттік Департаментінің ағылшын тілі бағдарламалары туралы ақпарат беріп, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдеріне семинарлар мен тренингтер өткізіп, кәсіптік ассоциациялардың қызметіне қолдау көрсетеді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Үштұғырлы тіл» саясатын іске асыру мақсатында бұл ұйымның атқарар ісі зор. Қазақстанды бүкіл әлем үш тілді бірдей пайдаланатын білімді мемлекет ретінде тануының да ауылы алыс емес, сірә.

Орталық Азия елдерінде ағылшын тілі бойынша жобаларды іске асыруды міндет еткен Д.Ухлер

ханым университет мұражайы мен археологиялық мұражай экспонаттарымен танысты. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінен, дәстүрінен қызықты мәлімет алып қана қоймай университет ғалымдарының көп жылғы еңбек жемісі археологиялық бай қазыналарынан да қанық болды.

Құрметті қонақ С.Торайгыров атындағы ПМУ ректоры С.М.Өмірбаевтың қабылдауында болып, әңгімелеріне өзекті тақырыпты арқау етті.

### ДЕРЕК КӨЗІ:

Орталық Азия елдерінде ағылшын тілі бойынша жобаларды іске асыру кеңсесі ұсынып отырған бағдарламалар:

1. АҚШ-тан академиялық бір жылға ағылшын тілінің маманын ұсынатын бағдарлама. Бұл бағдарлама білім және мәдениет байланыс бюролары арқылы АҚШ мемлекетімен қаржыландырылады және мәдениетаралық білім Орталығы мен Джоржтаун университетінің даму орталығы әкімшілігі арқылы жүзеге асады. Осы бағдарлама бойынша АҚШ-тың 140-қа жуық

ағылшын тілі мұғалімдері жылына сексенге тарта әлем елдеріне жол тартады.

2. АҚШ-тан ағылшын тілі маманын шақырту бағдарламасы. Жобаның міндетіне қарай 2-16 апта мерзіміне ағылшын тілінің білікті мамандарын қабылдау.

3. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерін қашықтықтан оқыту курсы.

4. Жасөспірімдерге арналған Access микростипендиялар бағдарламасы. Әлеуметі төмен отбасынан шыққан 13-20 жас аралығындағы дарынды жеткіншектерге екі жылдық стипендиялық оқу ұсынады.

Түйін сөз. «Үштұғырлы тіл» идеясы бүгінгі күннің талабы. Жаңада ең көп қолданылатын тілді білу заманның қажеттілігі. Сонымен қатар, тіл – достық дәнекері, береке мен ынтымақтастықтың құралы. Әйтседе, осы сынды бағдарламалар ел азаматтарын бәсекеге қабілетті білім алуына көпіл берер деген сенім бар.

Жанар ЕЛЕШОВА

## ЖАСТАР ШАБЫТТАН ШАБЫТТАНЫП КЕЛДІ

2012 жылдың қараша айының 3-8 жұлдызы аралығында Астана қаласында дәстүрлі XV Шабыт халықаралық фестивалы өтті. Шығармашыл жастардың бәсекесіне университет студенттері де қатысқан болатын.

Фестивальдің «Бейнелеу өнері» номинациясына бес жүз үміткердің ұсынысы түскенімен, екі бірдей іріктеу турынан соң 170-сі ғана Астана қаласының қазіргі заманауи бейнелеу өнері мұражайына туындыларын қою мәртебесіне ие болды.

Олардың арасында біздің университеттің Кәсіптік оқыту ка-

федрасының «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының студенттері Г.Хуат, Р.Жакупова, М.Агиманова мен Е.Мурга да бар. Фестивальдің «Бейнелеу өнері» номинациясындағы бағдарламасында: кескіндеме мен графикадан байқау-көрме, шеберлік-кластар мен өнер дәрістері ұйымдастырылды.

Атақты суретші А.Қазығұлов кескіндемеден шеберлік сабағын өткізсе, мұражайдың өнер зерттеушілері: «Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі қазіргі заманауи ерекшеліктері», Францияның бейнелеу өнері жайында «Өмірге деген махаббат» және «Күміс ғасыр» атты

бейненовеллалар мен дәрістер өткізді.

Болашақ ұстаздар «Акварель сиқыры» атты көрмедегі Ресейдің Еңбек сіңірген суретшісі С. Андриакидің керемет туындыларымен танысып, бір апта бойы түрлі концерттер мен «Поэзия», «Би», «Вокал», «Балет», «Цирк» номинациясына қатысушылардың өнерімен сусындады.

Тәуелсіз еліміздің ертеңі жарқын екендігін, «Шабыттан» шабыттанып келген жастардың болашаққа, өнер әлеміне қалықтап қанат қағуынан сезінеміз.

М. ЫҚЫЛАСОВА,  
Кәсіптік оқыту кафедрасының аға оқытушысы

# Н. Назарбаев: «Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл»

**С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ИММУНИТЕТІН АРТТЫРАТЫН ШАРАЛАРДЫ КӨП ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕТІНІ СӨЗСІЗ. СОНДАЙ ШАРАЛАРДЫҢ БІРІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАПСЫРЫСЫМЕН ӨТТІ.**

Аталмыш ведомствоның тапсырысы бойынша «Колыбель солидарности» қоғамдық бірлестігі мен университеттің «Қазақ тілі кафедрасының» ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілді насихаттау бойынша кешенді іс-шараларды ұйымдастыру» атты қазақ тілінің мәртебесін ұлықтайтын шаралар кешені өтті. Мәселен, 2012 жылдың 25 қазанында «Қазақстандықтардың тілдік қоры» дөңгелек столы, «Мемлекеттік тіл қажеттілігін жетілдіру» семинары өтті. Ал 31 қазанда «Мемлекеттік тілді білудегі ұлттық ынтымақтастық» дөңгелек үстелі мен «Қазақстандықтардың тіл мәдениеті» семинарына тіл жанашырлары, зиялылар мен ғалымдар және студент жастар қатысты.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Бұл жиынның осыған дейін атқарылған шаралардан өзгешелігі пікір-талас алаңы тек қазақ тілінің шын жанашырлары мен шын ниеттес қамқоршыларына яғни, қазақ тілді аудиторияға арналғандығы.

Дөңгелек столға Павлодар облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқарма бастығының орынбасары Қ.Еділбай және Павлодар қаласының жалпы білім беретін мектептерінің ұстаздары қатысты. Тіл мамандары мен ғалымдар өз баяндамаларында қазақ тілінің бүгінгі жай-күйіне баса назар аударып, қызықты мәліметтер мен тұшымды ұсыныстарымен қатысушыларға терең ой салды.

Қ.Еділбай «Павлодар облысында қазақ тіліне және мемлекеттік тіл саясатына өзге ұлт өкілдері тарапынан қарсылық білдіріп, қиянаттық танытқан жағдайлар орын алған емес», – деді өз сөзінде. Демек, қазақ тілінің дамуына қарсылық танытып жатқан ешкім табылмаса, тіліміздің көркейіп өсуіне кім кедергі тигізуде деген заңды сұрақ туындайды. Бұл тақырып төңірегінде баяндамашы былайша тіл қатты: «Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «қазақ қазақпен қазақ тілінде сөйлессін» деген сөзі кез келген қазақтың жүрегінен орын алып, іске асуы қажет». Яғни, қазақ тілінің биік белесті бағындыруы, қазақ азаматтарына ғана жауапты іс.

География ғылымдарының докторы, профессор, топонимист ғалым Қ.Сапаров баяндамасына «Павлодар облысы ойконимдерін зерттеу және қалпына келтіру мәселесін» өзек етті. Ғалым «1991 жылдан қазіргі уақыт аралығына дейін облыс аймағындағы барлық елді мекен атауының (425) 15,5%-ы ғана яғни, 69 атау ғана өзгертілді. Дегенмен де, Павлодар облысының оң жағында орналасқан Железин, Шарбақты, Қашыр, Успен, Павлодар аудандарында бұл нәтижелер ең төмен көрсеткішке ие болуда» - деп топшылады географ ғалым. Қазақтың дархан даласының атауларын қазақ тілінде сайрату мақсатында тіл саясатын осы салада да ұтымды қолдану бізге міндет болар.

С.Торайғыров атындағы ПМУ қазақ филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандида-



ты Г.Көріпжанова «Мемлекеттік тілді мәтін арқылы меңгеру» баяндамасын оқыды. Қазақ тілін орыс тілді балаларға неғұрлым қарапайым, неғұрлым түсінікті жеткізуді мақсат тұтқан ұстаз тілді оқытудың нақты бағдарламасын ұсынды.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Мемлекеттік тілді білудегі ұлттық ынтымақтастық» атты дөңгелек столы «Қазақстандықтардың тіл мәдениеті» семинарымен жалғасын тапты. Бас қосудың мақсаты Павлодар өңірінің ұлт пен ұлыстары арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтату.

Семинардың қонақтары: Павлодар қалалық әкімдігі Тілдерді басқару секторының меңгерушісі М.Нұғман, Павлодар облысы «Ана тілі» оқу-әдістемелік орталығының бөлім бастығы П.Ташева, Бұхар жырау атындағы мұражай кешенінің бастығы Р.Игібаева.

М.Нұғман өз сөзінде қаламызда мемлекеттік тілдің мәртебесі қаншалықты бағаланып, қала тұрғындары тілдік қатынасты қаншалықты іске асыруда деген сұрақтарға жауап берді. «Павлодар қаласының мемлекеттік тілінің қолданысы, игерілуі білім ордалары мен мәдени шаралардан ғана көрініс тауып, салалық яғни кәсіптік тұрғыдан ақсап тұр», - деді өз сөзінде. Яғни, тұрғындарға қызмет көрсету саласы өкілдерінің әлі де мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңітпей отырған жайы бар.

ҚАЗТЕСТ жүйесі жайында мол мағлұмат берген «Ана тілі» оқу-әдістемелік орталығының бөлім бастығы П.Ташеваның мәлімдемелері білімін шыңдап, білікті маман болуды мақсат еткен студенттерді қызықтырғаны сөзсіз. «Бұл жүйе заңды жүзінде 2014 жылдан бастап өз жұмысын бастайды. Ал, бүгінгі мемлекеттік қызметкерлер тапсырып жатқан ҚАЗТЕСТ бақылауы сынақ ретінде қабылдануда. Мемлекеттік қызметкер болуды мақсат етсеңіз немесе «Болашақ» бағдарламасымен білім алғыңыз келсе, міндетті түрде осы жүйе бойынша бақылаудан өтіп, сертификат алуыңыз шарт», - деді П.Ташева ханым. Бұл жүйе нәтижелі болса, ҚР тілді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нысанына сай 2014 жылға қарай – 20%, 2017 жылға дейін – 80%, 2020 жылға дейін – 95% ересек азаматтарымыз мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс деген болжамы іске аспақ.

Р.Игібаева өз баяндамасында мұражай саласындағы мемлекеттік тілдің деңгейі мен бүгінгі ахуалына тоқталды. С.Торайғыров атындағы ПМУ Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі А.Зейнулина «Кәсіби қазақ тілін оқыту технологиясы», С.Торайғыров

атындағы ПМУ Қазақ тілі кафедрасының оқытушысы Г.Ақумбаева «Қазақ тілі сабағында интерактивті әдістерді қолдану ерекшеліктері», С.Торайғыров атындағы ПМУ колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Оразбаева «Кәсіби қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері» тақырыптарында баяндамалар оқыды.

Орыс топтарының студенттері қазақ тілінде өз қаласы, Отаны, мемлекеттік тілді игеруге атсалысып жатқаны туралы ойлары мен тәжірибесін көпшілік қауыммен бөлісті.

## ШАРАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ МЕН ҰСЫНЫСТАРЫ

1. Бала бақша, орта мектеп, жоғары оқу орындарында оқылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жазылған стандарттарға түзетулер мен толықтырулар енгізу.

2. Оқыту әдістемелері бойынша оқу – әдістемелік әдебиеттерді сауатты жазу және жарыққа шығуын қамтамасыз ету.

3. Тілді оқыту мен үйрету жобасы бойынша электронды оқулықтарды жазуды қарқынды түрде жүргізу.

4. Оқу бағдарламасына «Аймақтық ономастика», «Өлкетану», «Ертіс өңірінің тарихы, әдебиеті, өнері» атты элективті курс енгізу.

5. Мемлекеттік тілді насихаттайтын жобалар мен хабарларды БАҚ жүйелі түрде жариялап отыру.

6. Көркем әдебиет материалдарын брошюра – кітап ретінде қоғамдық ортада насихаттау.

7.Тіл мәдениетін қалыптастырып, жетілдіретін жұмыстардың белсенділігін арттыру.

8. Мемлекеттік тілді насихаттау бойынша жоспарланған іс-шараларды іске асырудың тиімділігіне қол жеткізу үшін қажетті нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және негізгі бағдарламалық іс-шараларды мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына кіріктіру.

9. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша курс ұйымдастырып, білімді бағалау өлшемдері бойынша түсініктеме беру.

10. Жарыссөзде айтылған түйін бойынша, Қазақстан Республикасының әр азаматы мемлекеттік тілді саналы түрде еркін меңгеруді өзінен бастау керек.

11. Жарыссөзде айтылған түйін бойынша, Қазақстан Республикасында өткізілетін іс – шаралар аудармасыз таза қазақ тілінде жүргізілуін қадағалау қажет.

Р.С. Шаралардың нәтижесінде тіл мамандары қазақ тілінің өрісі өткен жылдармен салыстарғанда біршама өсіп, өркенін жайып келетінін сөзге тиек етті. Бұл қуантарлық жайт. Дей тұрғанымен, америкалық профессор Дэвид Харрисонның: «Тілдің аман қалуы немесе жоғалып кетуі, алты жасар баланың қолында», – дегенін қашанда қаперде ұстау қажет. Олай болмаса, құнара әлемде жойылатын тілдердің қатарынан қазақ тілін көруіміз де ғажап емес.

## ЖАСТАРДЫҢ ЭЛЕКТОРАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ

2012 жылдың 22 қазанында университет қабырғасында Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы студенттерге насихаттық бағдарғағы кезгесу өтті.

Шараның мақсаты ҚР жастары электораттық белсенділігінің дамуына үлес қосып, саяси мәдениетін дамыту. Жастармен кездесу барысында ҚР Орталық сайлау комитетінің бас сарапшысы, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор В.А.Жексембекова, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Г.Н.Иренов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Е.Ө.Жұматаева қоғамдағы жастар саясатының көкейтесті мәселелерін атап, оның шешу жолдарына тоқталды.

Сайлау – демократияның ең маңызды институты, халықтың өз еркін білдіруінің және мемлекетті басқаруға қатысуының басты нысандарының бірі. Еліміздің әрбір азаматы сайлау құқығын жүргізуге құқылы. Бұл құқық – Қазақстан азаматтарының ҚР Конституциясы кепілдік еткен айырықша құқығы. Бұл сайлау құқығын жастар қаншалықты саналы әрі жауапты атқарса, елінің болашағына соншалықты үлес қосатыны сөзсіз. Кез келген жас буын өкілі Отанына деген махаббатынан, мемлекеттік құндылықтарды және ұлттық мәдениетті дәріптеуінен, Елбасына деген құрметті бойына сіңіруінен электораттық белсенділік туындайды. Жас азаматтар сайлауға қатынасып қана қоймай, сайлау жұмыстарының ұйымдастырушылық жұмыстарына белсене араласуы жастардың саясатқа қызығушылығын тудырады. Сайлаудан кейінгі социологиялық зерттеу жұмыстары, интернет арқылы үгіттеу, саяси партиялар мен жергілікті қоғамдық ұйымдармен бірлесе қызмет ету, саяси байқауларға қатынасуы – белсенді жас электоратты тәрбиелеуге, болашақ тізгінін ұстайтын сенімді азамат есіруге ықпал етеді.

Тәуелсіздік алғаннан бері жастардың көзқарастары мен құндылықтары өзгеріп, жас азаматтың болмысына өсерін тигізіп жатқанын ескерсек, әр кезеңдегі сайлаудың ерекшеліктері де алуан түрлі болатыны шарт. Жас электораттардың белсенділігін байқасақ: 2005 жылы – 28%, 2007 – 50%, 2011 – 87%, 2012 – 65%. Демек, жастардың саясатқа құлшынысы артып келеді. Сол себепті, келешегіміздің саналы азаматтары ретінде олар бүгінгі күннен бастап саяси белсенді болуы және елінің жарқын болашағына үлес қосуы маңызды. Бұл шара жастарға мағлұмат беріп қана қоймай, құқықтық мемлекеттің бір парасы сайлау құқығын білетін еркін және ерікті азамат тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Бетті дайындаған Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ



## О АФОРИЗМДЕР

### ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Тарих пен тіл – тамырлас.

\*\*\*\*\*

Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, – ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

\*\*\*\*\*

Өз тілімізбен өмір сүрейік! – бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеңіздер, одан да оңайлап айтайын: «Қазақ қазапкен қазақша сөйлессін!».

\*\*\*\*\*

Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

\*\*\*\*\*

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

\*\*\*\*\*

Уақытты таңдамайды – онда өмір сүреді.

\*\*\*\*\*

Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген.

\*\*\*\*\*

Қазір – ынтымақтасу мен іскерлік кезеңі. Қазір адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған шағын қадамдың өзі шалқыған даңғаза ұраншылдық пен үдере үндеушіліктен әлдеқайда маңызды.

\*\*\*\*\*

Діннің тұтастығы – елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады.

\*\*\*\*\*

Мұсылман діні мен христиан діні – Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты.

\*\*\*\*\*

Маған рухани күш, яғни адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен діни сенім бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады. Мен адам Құдайға жақын болу үшін оған қарай өмір бойы сапар шегуі керек дегенді жұбаныш етемін.

\*\*\*\*\*

Қазақ халқы жиырмасыншы ғасырдың бүкіл өнбойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянардай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына қаламын қаламын.

\*\*\*\*\*

Иә, мен біздің кең байтақ Отанымызда тыныштық пен бейбітшілік болғанын қалаймын. Ол миллиондаған қазақстандық отбасылар үшін қажет. Мен қайғыдан шашы ағарып кеткен өзін аналардың мырыш табыт құшақтап отырып, егіліп перзенттерін жоқтағанын, жастардың жалыны тұтанбай жатып, қанаты қиылып, мүгедек болғанын, қариялар жермен жексен болған үйлерінің орнын іздеп шарқ ұрып, нақақтан көз жасын төккенін қаламаймын.

<http://www.infoportal.kz>

## ДАНА ЕЛБАСЫ – ДАРА ЕЛБАСЫ

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде тағдыр жазуымен сыртта қалған қандастарын ата мекенге бірнеше рет жинап, құрылтай өткізді. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында әлемнің жанарын жаулап, сәулеті мен дәулеті келіскен әсем Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайына әлемнің 35 елінен 400-ге жуық ресми өкілдер қатысты. Төрткүл дүние таныған, ұлт кемеңгері Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақ қайда болса да менің халқым. Қашан, қайда жүрсем де сырттағы ағайындар жүрегімнің бір түкпірінде жатады» деген сөзі шет жайлаған біздердің жадымызда жатталып, осы Құрылтайда тағы да бір дәлелденіп қалды. Құрылтайдың алғашқы күніндегі Тәуелсіздік Сарайындағы салтанатты отырыста жасаған Президенттің баяндамасы біздерге, шет жайлап жүрген қазақ диаспорасы мен оралмандарға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың тетіктерін нақты айқындап, бұл жөніндегі алда тұрған міндеттерді белгілеп берді. Елбасыдан кейін мінбеге көтеріліп сөз сөйлегендер Қазақ елінің 20 жылдың ішіндегі жеткен ұлан-ғайыр жетістіктеріне таңырқай да, сүйсіне, мақтана да қуана отырып осының бәрі тек қана Дана басшысы, кемеңгер көсемі бар халықтың жеңісі деп, Дара туған данышпан Президент - Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаевтың жеңісі деп білдік. Ресей қазақтары атынан сөз сөйлеген менің де баяндаманың ішінде айтылған мына бір сөздер:

Біздер Ресейдің Алтай өлкесі Құлынды ауданының 80 үйлі Керей ауылындағы Қаракөл қазақ орта мектебі өз түлектеріне қазақ тілінде дәріс беріп ата мекені Қазақстанға нағыз қазақ етіп қайтарып жатырмыз дегенім Елбасының назарына ілігіп, келесі күні Білім Министрлігінде өткен «дөңгелек үстелдің» отырысында «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төсбелгімен марапатталдым. Президенті Н.Ә.Назарбаев болып, ата-мекеніміз, тарихи отанымыз Қазақстандағы қандас ағайындарымыз ұйымдасып қонақ еткен 3 күн біздерге туысқандық пен достықтың, бірлік пен ынтымақтастықтың, бауырластық пен ізгіліктің символы болды.

Осы сапардан біздер өзіміздің жарық дүниеге қазақ болып туылғанымызға, қайда жүрсек те арқа тірер тірегіміздің бар екендігіне, жарқын болашаққа бастап, бақытқа жеткізіп келе жатқан өзгеде жоқ дара Елбасысы болғанға қуанып аттандық.

Біз, қазақ диаспорасы әрқашанда Бірінші Президенттің қолдауын сеземіз. Біздің мектептің түлектері – мемлекеттік гранттардың иегерлері. Олардың көп бөлігі өмірлерін Қазақстанмен байланыстырып, жұмыс істеуге қалады.

Осы мереке күнінде бар-



**Нұрғайша БАРИНОВА,**  
Ресей Федерациясы, Алтай өлкесі, Құлынды ауданы, Керей ауылы, «Болашақ» қазақ мәдени орталығының төрайымы, Қаракөл орта мектебінің директоры

лық Павлодарлықтарға да шексіз алғысымызды білдіреміз. Біз тек қана Алтай өңірімен көршілес облыстарда болып жатқан жаңалықтармен ғана танысып қоймаймыз. Біз көптеген ғылыми форумдарға, мәдени-көпшілік шараларға жиі қатысып отырамыз, бұл біздің тарихи атамекенімізге қатыстылық сезімімізді асқақтатады.

Бізді, Ресейдегі қазақ диаспорасын Тұңғыш Президенті күні біздің отандастырымыз үшін абырой сезімі асыра толтырады.

Қымбатты отандастар!

Ресей қазақтары атынан бірінші Президент күнімен құттықтаймыз, жемісті жұмыс тілейміз. Бүгінгі мереке шын мәнінде ел басы Президенттің еңбегін мадақтау күні.

Сіздерге дана қолбасшы соңынан еріп, қазақтың көк туын әр уақытта жоғары ұстап, табыстан табысқа жете беріңіз. Ел даңқы арта берсін!

## БӘРІМІЗ БІРГЕМІЗ. СОНДЫҚТАН БЕРІК ІРГЕМІЗ!



**Наталья НЕФЕДОВА,**  
Павлодар облысының ҚХА жастар Бірлестігінің координациялық кеңесінің төрайымы

Мен бақытты адаммын! Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының 10-шы мерейтойлық сессиясында Павлодар қаласының көпұлтты жастары атынан сөз сөйлеу, «Жас Отан» жастар қанатының екінші құрылтайына делегат болу, Павлодардағы Достық үйінің салтанатты ашылуына қатысу сияқты құрмет үшін мақтан тұтамын!

Осы барлық шаралар еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өткізілді. Мен бірнеше жыл бойы Павлодар облысының Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының жастар бірлестігінің координациялық кеңесінің төрағасы және жастар активінің мүшесі болып келетініме өте бақыттымын.

Кеңестің құрамына түрлі ұлттар мен діни өкілдері, 40 этномәдени бірлестіктердің өнер ұжымдары, оның ішінде

14-29 жас аралығындағы 1000 аса жастар кіреді.

Президент Н.Назарбаевтың бастауымен пайда болған Ассамблеяға мүше болу, біздер, жастар үшін ерекше құрмет. Және мемлекетіміздің маңызды бағыттарының бірі Қазақстан халықтарының бірлігін күшейту саясатына қатысу үлкен жауапкершілік.

Жастар қауымдастығының Кеңесінің қорында мемлекеттік символдарға құрмет көрсету бойынша шаралар ерекше орын алып отыр. Қазақстандық патриотизмді және Қазақстан Республикасын Отаным деп шын мәнінде сезіну – мемлекеттік реміздерге құрмет көрсетуден басталады. Жастар бірлестіктерінің өкілдері - «Менің Қазақстаным!», «Біз – бір команда!» жалпыұлттық акцияларға, «Қазақстан Республикасының Өнұраны», «Патриот болу – Қазақстанды жүрегіңде алып жүру!» бейнероликтерін жазуға, «Біз – Қазақстан болашағы!», «Президент комасындамыз – қуатты Қазақстан үшін!», «Біздің күшіміз – бірлікте!» билбордтарын құруға белсене қатысады.

Достық үйінің ашылуы, оның материалдық-техникалық базасы жастар қауымдастықтарының дамуына ықпал етті. Бұл жұмыста «Патриот» пікір алмасу жастар клубы айрықша

орын алады. Тоқсан сайын өтетін оның отырыстарында ең көкейкесті мәселелер талқыланады: «Кімді өз елінің нағыз патриоты деп атауға болады?», «Бүгінгі қазақстандық – қандай ол?», «Толеранттық – бұл шыдамдылық немесе шыдау ма?».

Жастар құрылымдары қызметіндегі ең негізгі бағыттардың бірі – жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, «Үш тілдік тұғыр» жобасын жүзеге асыру. Оның мақсаты – ұлттық бірлікті нығайтушы фактор қазақ тілінің өрісін кеңейту.

Жастар бірлестіктерінің мүшелері мемлекеттік тілді «Ана тілі» оқу орталығындағы курстарда меңгеруде.

Осы күндерде үлкен шабытаен, мен «Жас Отан» жастар қанатының 2-ші құрылтайынан қайтып оралдым. Бұл мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріндегі жастар саясатының ары қарай дамуына жаңа импульс беретін маңызды шаралардың бірі.

Құрылтайда «Жас Отан» жастар қанатының 2020-жылға дейінгі Стратегиясы қабылданды. Стратегияға байланысты жастар ұжымы дәйектілікпен алға қойылған ортақ мақсатқа – Қазақстанды табысты, индустриялы-инновациялы ел қылуға қол жеткізеді.

## О ЕЛБАСЫ ХАҚЫНДА

Әр келгенімде гүлдене түскеніне куә болып жүрген Астана қаласы – Қазақстанның динамизмі мен Президент Назарбаев мырзаның көрегенділігін бейнелейтін ең үлкен туынды. Астананың құрылыс жұмыстарына түрік фирмалары мен жұмысшыларының да үлес қосуын түрік-қазақ ынтымақтастығының ең әсем нышандарының бірі деп білеміз.

**Абдулла ГҮЛ,**  
Түрік Республикасының Президенті

\*\*\*\*\*

Назарбаев – қалыпқа сыймайтын тұлға.

**Маргарет Тетчер,**  
Англияның экс Премьер-Министрі

\*\*\*\*\*

Қазіргі күні Президент Нұрсұлтан Назарбаев түркі дүниесінің ақсақалы дәрежесінде. Тиімді, сындарлы, ішкі және сыртқы саясаттың арқасында Қазақстан өз аймағында да, әлемде де абыройлы елдер қатарынан орын алды.

**Түрік Республикасының Премьер-Министрі Реджеп Тайып Ердоган**

\*\*\*\*\*

Ол болашақты болжай алады.

**Дж.Буш,**  
АҚШ-тың экс Президенті

\*\*\*\*\*

Кеңес Одағы ыдыраған 1991 жылдан кейін Қазақстан өзіне мұраға қалған ядролық арсеналын жоймай, «қырғи-қабақ соғыс» кезеңінде қалыптасқан нәзік әлемге кесірін тигізе алған болар еді. Бірақ қазақстандықтар мен Маршалл аралдарының тұрғындары басынан өткерген зардаптарының бағасын білген Президент Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтау үшін елдегі ядролық арсеналдан бас тартуға және қарусыздануға шешім қабылдады.

**Кристофер Лозк,**  
Маршалл Аралдарының Президенті

\*\*\*\*\*

Мен Қазақстанды жақсы білемін және Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен достығымды мақтан тұтамын. Бүгінгі сіздердің елдеріңізді дүниежүзі біледі, ол сіздердің Президенттің халықаралық беделінің арқасы.

**Жан Кретьен,**  
Канаданың экс Премьер-Министрі

\*\*\*\*\*

Сондықтан Қазақстан мен оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жасағандарының алдында басымызды иеміз және бәріміз Қазақстан қол жеткен жетістіктерді әлемге көрсетуіміз керек.

**Пол Дювар,** Канада парламенті қауымдар палатасының халықаралық істер және халықаралық даму жөніндегі тұрақты комитеті төрағасының орынбасары

\*\*\*\*\*

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы аяқ алысы менің көз алдымда өтті. Нарықтық экономиканы, сосын демократиялық институттарды құрылымдау жалпы, үлке трансформация жасау қателіктерді кешірмейтін процесс. Сәл осалдық таныту ертеңгі күні осып түсуі мүмкін қауіпке ұрындырар еді. Қазақ халқы өз көшбасшысының стратегиялық шешімдерінің жемісін енді көре бастады.

**Александр Квасневский,**  
Польшаның бұрынғы Президенті

\*\*\*\*\*

Сіздің көшбасшылығыңызбен Қазақстан биік белестерге жетті. Сіздің жеңісіңіз – Сіздің басшылығыңыздағы елдің, Қазақстан халқының зор сенімінің көрінісі.

Пәкстан Қазақстанмен екіжақты қарым-қатынастарына үлкен мән береді. Мен біздің елдеріміз арасындағы достық байланыстардың одан ары да тек нығая түсетініне сенемін.

**Асиф Әли ЗАРДАРИ,** Пәкстан Ислам Республикасының Президенті

# ПОЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ПГУ - НА МИРОВОЙ УРОВЕНЬ



– Габит Нажмиденович, с какой целью был создан РЦПИ им. академика НАН РК Т.С.Садыкова?

– Центр функционирует с января 2007 года; он осуществляет свою работу в рамках общеуниверситетской Программы и утвержденного Перспективного плана. Центру было дано имя Академика НАН РК, доктора исторических наук, профессора Т.С. Садыкова, который был видным общественным и государственным деятелем, внесшим большой вклад в развитие национальной системы высшего образования.

Основной целью деятельности РЦПИ является разработка новых подходов, позволяющих осуществлять сравнение мировых политических систем и институтов, принадлежащих к различным временам и традициям, выявление в большей степени эволюционных аналогий между республиками постсоветского пространства, анализ многообразия типов, форм и проявлений политического развития, его внутренних противоречий и альтернативности.

– Каковы перспективные направления деятельности Центра?

– Базовым аспектом деятельности РЦПИ им.Академика НАН РК,

В ЯНВАРЕ БУДУЩЕГО ГОДА ДЕЙСТВУЮЩЕМУ ПРИ НАШЕМ УНИВЕРСИТЕТЕ РЕГИОНАЛЬНОМУ ЦЕНТРУ ПОЛИТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИМ. АКАДЕМИКА НАН РК, ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА Т.С. САДЫКОВА ИСПОЛНЯЕТСЯ ШЕСТЬ ЛЕТ. О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРА РАССКАЗЫВАЕТ ЕГО ДИРЕКТОР, АКАДЕМИК, ДОКТОР ПОЛИТИЧЕСКИХ И ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР, ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ СОЦИОЛОГИИ И ПОЛИТОЛОГИИ ПГУ ИМ. С.ТОРАЙГЫРОВА, ГАБИТ НАЖМИДЕНОВИЧ ИРЕНОВ.

Т.С.Садыкова является подготовка научных кадров – ученых-политологов. За почти шестилетний период функционирования Центра, при его прямом участии шесть наших выпускников стали кандидатами наук и один защитил докторскую диссертацию.

Помимо подготовки научных кадров, Центр занимается оказанием практического содействия ученым-политологам: консультативную помощь у нас получают аспиранты Академии Государственного управления при Президенте Республики Казахстан, соискатели, магистранты, студенты нашего университета.

Также в настоящее время центр ведет научно-исследовательскую работу по госбюджетному финансированию МОН РК по теме «Этнополитические проблемы на постсоветском пространстве в контексте изучения социально-политического статуса титульного этноса независимого Казахстана». Цель проекта: определить и всесторонне осветить динамику и перспективы развития этнополитической ситуации в Республике Казахстан в контексте изменения социально-политического статуса титульного этноса. Результатом исследования должна быть разработка целостной концепции совершенствования этнополитической ситуации в республике с учетом социально-политического статуса титульного этноса.

– Осуществляет ли Центр разработку научных пособий?

– Создание научно-методической базы по этнополитологии является одним из важнейших направлений деятельности РЦПИ. Сотрудники Центра ведут постоянную работу по разработке научно-методической литературы. В частности, на сегодняшний день нами подготовлено к изданию учебно-методическое пособие по дисциплине «Политология» для студентов всех специальностей бакалавриата. Оно может быть использовано в практической деятельности всеми преподавателями общественно-политических дисциплин.

Также совместно с Ассамблеей народа Казахстана Павлодарской области Центр готовит к выпуску коллективную монографию «Современные этнополитические процессы», где будут рассмотрены примеры из опыта обеспечения межэтнического согласия и развития межнациональных отношений; официальные мнения руководителей этнокультурных объединений, соотечественников в Казахстане; история образования объединения, практические шаги – вклад этнообъединений в реализацию Доктрины национального единства народа Казахстана, в том числе изучение государственного языка и сохранение, развитие своего родного языка; участие в предпринимательской деятельности, развитии малого и среднего бизнеса; описание

духовных ценностей: истории, быта, культуры, традиций и обычаев этноса.

Также необходимо отметить, что Центром накоплено большое количество новейшей литературы, научных трудов крупнейших ученых-политологов Казахстана. И эта база постоянно пополняется.

– Каковы внешние связи РЦПИ?

– Наш Центр активно сотрудничает с родственными кафедрами зарубежных и отечественных вузов: это Российский университет дружбы народов (г.Москва), Институт социально-политических исследований РАН (г.Москва), ОмГУ им.Ф.М.Достоевского (г.Омск), Астраханский государственный университет (г.Астрахань); национальные университеты Республики Казахстан – КазНУ имени аль-Фараби, КазНПУ имени Абая; Казахстанский Институт Стратегических Исследований при Президенте РК; Академия Государственного управления при Президенте РК. В перспективах – сотрудничество с украинскими, белорусскими, киргизскими вузами.

Также у РЦПИ налажены тесные контакты с такими учреждениями, как Центр по изучению сферы межэтнических и межконфессиональных отношений (г.Астана), Ассамблея народа Казахстана Павлодарской области, Управление внутренней политики Павлодарской области, Павлодарский областной филиал НДП «Нур Отан», Павлодарский областной Маслихат.

Центром совместно с этими учреждениями проводятся различные мероприятия: семинары, круглые столы, научно-практические конференции.

В дальнейшем планируется расширять подобное сотрудничество, поскольку оно позволяет более эффективно функционировать нашему Центру.

– Спасибо за интервью.

Беседовал Дмитрий ЛАРИОНОВ

# Адамдар бойында «шыншылдық», «адалдық» қасиеттерін жоғары бағалаймын

Жақында техника ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Күдериннің 60 жылдық мерейтойымен құттықтауға облыс әкімі арнайы келіп «Павлодар облысына сіңірген еңбегі үшін» төс белгісін тағып, ғалымды мерейтойымен құттықтады дегенді естіп, мерейтой иесімен сұхбаттасуға асыққан едік. Белгілі ғалым Марат Қырықбайұлы: бала кезімде қабаған неміс овчаркасына қорықпастан қарсы тұрсам да, бүгінде журналисті көрсем қорқамын», – деген қарапайымдылығы мен ілтипаттылығы сұрақ қоюға асықтара түсті.

– Марат Қырықбайұлы, мерейтойыңыз құтты болсын! Өмірдегі мақсат-мұраттарыңыз қаншалықты деңгейде орындалды деп ойлайсыз?

– Әрине, орындалды деп айта аламын. Бала кезімде ауылдағы қарбалас сәттер үстінде де кітап оқуға әуестеніп жүретінмін. Сонда анам: «Оқымысты болғың келе ме? Ей, қайдам бірақ!», – деуші еді. Сол кезден бастап «оқымысты болам, ғалым болам» деген мақсат болатын. Міне, сол мақсатыма білім-ілім қуалап жүріп уақыт келе жеттім деп ойлаймын. Екіншіден, мықты спортшы болсам дейтінмін. Ол мұратыма да жеттім. Менің дзюдо және самбодан КСРО спорт шебері деген атағым бар. Жалпы балалық шақтағы армандарым кезең-кезеңімен, өз уақытымен орындалып келеді.

– Балалық шақтағы мақсаттардың орындалуының сыры неде?

– Мақсаттарым өмір шындығына айналу үшін көп еңбектендім, іздендім, уақыттың талабына сай жаңашылдыққа өзімді тез бейімдеп отырдым. Міне, сыры осында болса керек.

– Ел ағасы ретінде түйген ойыңыз «тұлға қандай болу қажет», – деп ойлайсыз?

– Мен екі кісіні айтар едім. Біріншісі – Елбасы, екіншісі – Е.Арын. Өздеріңіз білесіздер 21 жыл ішінде Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев елімізді қандай биік дәрежелерге жетелегенін. Ал Ерекең С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне келгелі адамдардың көзқарасы мен ой-пікірін, дүниетанымы мен эстетикалық талап-талғамын қаншалықты өзгертті десеңші?! Былайша айтқанда толығымен өзгертті. Біз жаңа заман талабының тұлғалары болып қалыптастық. Сондықтан да, тұлға тұтас қоғамның өтпелі кезеңдерінде

елдің жүгін мойымай көтере алатын азамат болу керек.

– Адамның қандай қасиеттерін жоғары бағалайсыз?

– Бүгінгі материалдық игіліктерге бас ұрған заманда адамдар бойында «шыншылдық», «адалдық» қасиеттерін жоғары бағалаймын. Мұндай адамның негізгі критерийлері әрбір азаматтың бойында табылса жақсы.

– Алдағы мақсаттарыңыз...

– Адам болғандықтан алда мақсаттар көп. Мәселен, студент жастарға заманауи білім беру мақсатында жаңа бағдарламаларды алып, жақсы техникамен жабдықтау мәселесі бойынша жұмыс жасаудамын.

– Бүгінгі жастардың қандай қасиеттерін жоғары бағалайсыз, қандай жаман қасиеттері бар деп ойлайсыз?

– Бүгінгі студенттер білім алсам, жаңа бағдарлама меңгерсем деп



тұрады. Демек, жастар бойында білімге, ғылымға деген құштарлық бар. Өзім сабақ беретін студенттер scad бағдарламасын игеруге белсенділік танытып жүргені қуантады.

Ал жастар бойынан жаман қасиеттер байқағам жоқпын. Бұрындары бұрыш-бұрышта темекі шегіп, арақ ішетін жігіттер көп болатын. Қазір мұндай жағдайды көп кездестіре бермеймін. Демек, жаңа заманның жастары темекі, арақ, есірткі деген жаман қылықтардан бойларын аулақ ұстайды. Бұл да мені қуантады.

– Өңімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

## Конференция



## ТОРАЙҒЫРОВ ТАҒЫЛЫМЫ



**Осымен бесінші рет халықаралық деңгейде өткен «Торайғыров оқулары» атты ғылыми шара несімен ерекше болды?**

Біріншіден, конференцияда алғы сөз алған модератор Н.Ержанов «Торайғыров тағлымына» арналған ғылыми шараның өзге конференциялардан ерекшелігі, өр ақын Сұлтанмахмұттың есімін университет алып отыр. Сондықтан да, аталшым шараға үнемі жауапкершілікпен, жоғары дайындықпен қарамаймыз», – деп атап өтті.

Екіншіден, конференцияға шетелдік, сонымен қатар, елімізге танымал ғалымдар қатысты.

Үшіншіден, «Сұлтанмахмұттануға» арналған шара өз ауқымын кеңейтуде. Мәселен, еліміздің бірнеше қалаларынан 100-ден астам тың ғылыми мақалалар жиналған құнды жинақ жарыққа шықты. Демек, жас «Сұлтанмахмұттанушылар» легі қалыптасуда.

Енді конференцияның ерекшелігінен гөрі шараның өзегіне ойыссақ.

Сөз өнері саналатын әдебиет саласында өзіндік қолтаңбалары бар танымал ғалымдар пленарлық мәжілісте Торайғыровтың тұлғалық бейнесін жан-жақты аша түсті. Бірінші кезекте педагогика ғылымдарының докторы, профессор Е.Жұматова «Сұлтанмахмұт шығармаларындағы пәлсапалық дүниетаным» атты баяндамасында ақынның данышпандығын сөз етіп, бүгінгі заманның негізгі мәселелерін қозғаған көрегендігін сөз етті. Мәселен, іздемпаз ақынның жыр шумақтарының астарында

жасырынған интерактивті технология арқылы білім беретін заман келетіні жайлы және т.б. ғылыми негізі бар ғылыми баяндамасын ұсынды.

Ғалым ойын жинақтай келе ақынның шығармаларындағы пәлсапалық түйінді: «С.Торайғыров шығармаларында адамның нәпсісі басымдықта келсе, ол өз мақсатына жетті дегенді аңғартады. Ол нәпсіге күш беріп тұрған көлеңкелі мінез – қорқақтық, шешім қабылдауда сенімсіздік, жігер-табандылықтың жоқтығы дастанның барлық құрылымынан байқалады», – деп келтіреді.

Сонымен қоса, белгілі ғалым, Мәшһүртанушы А.Тұрышев Сұлтанмахмұттың тектілігін сөз етіп, бұл тектілік бабалар қанымен келгенін айтты. Осылайша ақынның аталары Айдабол би, Едіге би, Шоң би, Торайғыр би жайлы кең мағлұмат берді.

Белгілі ғалым С.Сүтжанов «Сұлтанмахмұт туындыларындағы түрікшілдік» баяндамасында ақынның түркі дүниесімен үндестігі жайлы сөз өрбітті.

Ал, профессор А.Зейнуллина «Ұлы тұлғалар шығармашылығындағы ұлттық үндестік», ғылыми баяндамасында ақынның Жүсіпбек, Мұхтар және т.б. тарихи тұлғалармен шығармашылық байланысы жайлы сөз қозғады. Сондай-ақ, жоғарыда атаған қайраткерлердің Сұлтанмахмұттың шығармаларын жинаудағы қосқан үлесін атады. Автор қорыта келіп: «Абайды оқып – ұлықты, Мағжанды жырлап – сыршыл, Мұхтарды зерделеп – парасатты, Сұлтанмахмұтты түсініп – ұлтжанды болуға әбден мүмкіндігіміз бар. Әдебиетіміз бен мәдениетімізде, тарихымыз бен өнерімізде Тау тұлға болған Қазақ Елінің Ұлы Тұлғалары кемел келешегімізде руханилығымыздың қуаты, ұлттық ынтымақтығымыздың тағылымы болатынына кәміл сенеміз», – деп ойын түйді.

Пленарлық мәжілістен кейін конференцияға келген қатысушылар,

С.Торайғыровтың тарихи, саяси және философиялық көзқарастары;

Ақын поэзиясы: салт-дәстүрлер және жаңашылдығы;

С. Торайғыров және қазақ тіл білімі мен әдебиетінің кейбір мәселелері, атты тақырыптар бойынша ақынның тұлғалық бейнесін ашып, шығармашылық шеберханасын байыптай түсті. Аталған секциялық отырыстар қызу пікір-талас, сұхбат, диалог құру арқылы қызықты өтті.

Сөз соңы. Осылайша Сұлтанмахмұтты ардақтайтын нәм танитын бір күн шұғыламен бірге батты. Десе де, «Сұлтанмахмұттану» ілімін байыта түсетін ғылыми шара жалғасын таба береді деген сенімдеміз.

Нұрлат АЙТЖАНҰЛЫ

ҒАЛЫМНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ  
АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ШАРА

2012 жылдың 31 қазанында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті елге белгілі ғалымдардың басын қосты. Себебі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Алдабергеновтің 60 жылдығына арналған «Аймақтық өлкетанудың заманауи талаптарына сай мақсаты мен міндеттерінің ғылыми концепциясы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткен болатын.

Танымал ғалым Қ.Алдабергеновтің мерей тойына байланысты ұйымдастырылған ғылыми шараға еліміздің әр түкпірінен зиялы азаматтар, қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар қатысты.

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Қазақстан тарихы және құқық кафедрасы меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Қарасаев, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Р.Иманжүсіп, Л.Гумелев атындағы Еуразиялық Ұлттық университет профессоры, филология ғылымдарының кандидаты А.Есдәулетов, Павлодар Еуразиялық инновациялық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Қ.Нұрбаев, Х.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы С.Сыдықов шараның құрметті қонақтары болды. Олар: өлкеміздің тарихын тереңнен байыптап, мерейтой иесінің адамгершілік қырлары мен ғалымдығы, қайраткерлігіне байланысты дәйегі мен дерегі мол қазыналы баяндамаларымен кездесудің маңыздылығын арттыра түскені хақ.

Қ.Алдабергеновтің көп қырлы шығармашылығын тарих, журналистика, әдебиет бағытында қарастырып, саралауға болады. Конференция жұмысы осы үш бағыттағы секциялар отырыстарымен

жалғасын тапты. Тарих секциясында ғылым докторлары М.Кәрімов, Қ.Нұрбаев, А.Тұрышев және т.б. ғалымдардың аймағымыздың тарихына қатысты еңбектері баяндалды.

Журналистика секциясында белгілі ғалымдар Қ.Камзин, А.Есдаулетов, Б.Кәрімова және университетіміздің жас ғалымдарының еңбектері, қызықты мәліметтері мен тартысты талдауларымен ғалымдардың пікір алаңына айналды.

Ал, филология секциясы профессор Р.Көшенова, Н.Жүсіп, А.Зейнулина және басқа да ғалымдар мен мектеп оқушыларының ғылыми жұмыстары келелі тақырыпқа өзеке болды.

Секциялық отырыстардан кейін тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Алдабергеновтің мерей тойына арналған ғылыми шара «Шаңырақ» мәдениет үйінде өткен ән шашумен ұласты.

## ҒАЛЫМ ХАҚЫНДА

Иә, шын мәнінде Қ.Алдабергенов үлкен жүректі ғалым, ұлағатты ұстаз, жастарға қанат бітіріп, жас студенттердің біліктілігі мен білімін шыңдауына орасан зор септігін тигізіп жүрген тұлға. Оған дәлел, «Қазақ журналистикасының тарихы», «Әлем баспасөз тарихынан», «Алты алаштың ардақтылары», «Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер», «Біртуар дара тұлғалар», «Қазақтың отарлану тарихы», «Алаш көсемсөзінің жауһарлары», «Тарих және баспасөз» және т.б. еңбектері жоғарғы оқу орындарындағы ұстаз үшін, студент үшін де баға жетпес құнды мұраға айналғаны шын.

Қ.Алдабергенов Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқытушылық қызмет ете жүріп, 200-ден астам ғылыми мақала мен 20-ға жуық оқулық, оқу құралдары мен монографиялар жазған қуатты қаламгер. Бүгінде ғалымның монографиялық еңбектері



еліне еленіп, халық мүддесіне қызмет етуде. Сонымен қоса, ол еліміздің жоғары оқу орындарының дамуына зор үлес қосты. Отанымыздың бірнеше жоғары мектебінде проректорлық және т.б. лауазымды қызмет ете жүріп жастарға ағалық қамқорлық, адамгершілік қолдау көрсетіп жас буынды тәрбиеледі.

Қ.Бекхожин, Т.Амандосов, М.Барманқұлов, З.Қабдолов, М.Қозыбаев, Р.Омашов сынды біртуар дарынды тұлғалардан тәлім алған Қырықбай Мазанұлы өзі де жастарға бағыт-бағдар беретін, әрдайым кеңесінен аянбай, тағылымынан таянбай, білгенін шәкіртіне сарп ететін ұлағатты ұстаз.

Түйін. Ақиқатында аталмыш конференция «Алдабергеновтану» ілімінің негізін қалағаны сөзсіз. Демек, көзі тірісінде өз жұмыстарының жемісін көрген ғалым Қ.Алдабергенов бақытты жан. Оған Алла зор қуат, денсаулық беріп, қазақ руханиятына құнды еңбектер силауды нәсіп етсін деп тілейміз.

Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ

ПАМЯТИ  
АКАДЕМИКА

1 ноября в нашем университете состоялась научно-практическая конференция, посвященная памяти выдающегося деятеля казахстанской науки, Академика НАН РК, доктора исторических наук, профессора, заслуженного деятеля науки РК, Токмухамеда Сальменовича Садыкова. Организаторами мероприятия выступили кафедра социологии и политологии ПГУ им. С. Торайғырова и Региональный центр политических исследований, носящий имя Токмухамеда Сальменовича.

В учебной аудитории ПГУ им.С.Торайғырова присутствовали преподаватели кафедры социологии и политологии нашего вуза, студенты и магистранты факультета истории и права, а также почетные гости конференции – родственники академика Садыкова – Акан Кабдуллаевич Садыков и Зоя Каскеновна Масалимова.

